20	Есенова Г.Ж	«TeachStart-2024»I респуб. пед.олимп-I дәреж. Дипл	А.Байтұрсынов респ.олимпиаласынан III дәрежелі диплом
		«Сатпаевтану» қалалық олимпиада-III дәреж.диплом	
21	Жубатова Ж.Ж	"PedOlimp"Респ.пед.олимп-I диплом- «ӨРЛЕУ» БАҰО	«Білікті ұстаз-2023» республикалы олимп-II дәрежелі диплом
		«TeachStart-2024»I республикалықпед.олимп-II дәреж. Дипл	
22	Мырзаханова Б.Қ	«Білікті ұстаз-2023» респуб. олимп-I дәрежелі диплом	Заманауи педагог» обл.олимпиада-II дәрежелі диплом
23	Машимбаева Н.Н	«TeachStart-2024» I респуб. пед.олимп-I дәреж. Диплом	
24	Садық И.Ә	"PedOlimp"Респ.пед.олимп-I диплом- «ӨРЛЕУ» БАҰО	Заманауи педагог» обл.олимпиада-II дәрежелі диплом
		«TeachStart-2024» I респуб. пед.олимп-II дәреж. Диплом	«Цифрлық сабақ:әдістеме және құралдар» облыстық олимп-III диплом - «Өрлеу» БАҰО
		«Білікті ұстаз-2023» респуб. олимп-I дәрежелі диплом	Облыстық пәндік олимпиада-II дәреж.диплом
25	Жайжигитова Н.Ж	«Цифрлық сабақ:әдістеме және құралдар» облыстық олимп-III диплом - «Өрлеу» БАҰО	«Білікті ұстаз-2023» респуб. олимп-III дәрежелі диплом
		"PedOlimp"Респ.пед.олимп-I диплом- «ӨРЛЕУ» БАҰО	«TeachStart-2024» I респуб. пед.олимп-II дәреж. Диплом
26	Калманова Ж.Е	"PedOlimp"Респ.пед.олимп-II диплом- «ӨРЛЕУ» БАҰО	«Білікті ұстаз-2023» респуб. олимп-III дәрежелі диплом
		Заманауи педагог» обл.олимпиада-III дәрежелі диплом	

Олқылықтармен жүргізілген жұмыстар туралы

Білімдегі олқылықтарды толықтыру мақсатында оқу жылының басынан мектепішілік жоспарға енгізілді. Педагогикалық ұжыммен әдістемелік кеңесте, әдістемелік бірлестіктерде қаралып пән мұғалімдері өз жоспарларын құрды, олқылықтарды анықтау үшін сабақ мақсаттары қайта қаралды.

Биылғы мектептің жалпы білім сапасы 53 % құрады. Өткен оқу жылымен салыстырғанда білім сапасы тұрақты.

2023-2024 оқу жылына мектептің әдістемелік жұмысы қанағаттанарлық.

Барлық жоспарланған іс-шаралар ұйымшылдықпен өткізілді. Оқушылар түрлі интеллектуалды олимпиадаларға белсене қатысты, нәтиже көрсете алды.

Үй тапсырмасына қойылатын талаптардың орындалуы

Үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі Әдістемелік ұсынымдамалар ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 182 бұйрығы негізінде педагогтермен әдістемелік- нұсқау жұмысы жүргізілді және педагогтер тарапынан осы нормалар сақталады.

Үй тапсырмасын орындауда: 2-сыныпта - 50 минуттан, 3-4-сыныптарда -70 минуттан, 5-6-сыныптарда -90 минуттан, 7-9-сыныптарда-110 минуттан, 10-11-сыныптарда-130 минуттан асырмау.

Үй тапсырмасын: Мерекелік және демалыс күндері (жалпы дамуы, жобалық бақылау жұмыстарын өткізгеннен кейін; бірінші сынып білім алушыларына (екінші жартыжылдықтан бастап көлемі 20 минуттан аспайтын уақыт ішінде оқылатын тапсырмалар берілуі мүмкін) бермеу ұсынылады.

Үй тапсырмасын беру кезінде бастауыш сынып мұғалімдеріне, пән мұғалімдеріне:

- білім алушыларға үй тапсырмасын сабақ үстінде, қоңырауға дейін хабардар ету;
- үй тапсырмасын орындау бойынша нұсқау беру;
- көлемі аз тапсырмалар (орындалуы міндетті) және көлемі көп тапсырмаларды (орындалуы ерікті түрде) үйлестіріп беру;
- сабақта үй жұмысы бойынша қателермен жұмыс жүргізу ұсынылды.

Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-3-4-қосымшалары Жалпы орта білім беру берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойынша ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2023-2026 жылдарға арналған жоғарғы оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен (№2 қосымша) және 2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру аясында кешенді жоспары жасалды.

2023-2024 оқу жылында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылды. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілді. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес іс-шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталды. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту Тұжырымдамасы негізінде 2023 жылдың 27 қыркүйек күні мектеп парламентінің сайлауы болып «Өзін-өзі басқару» ұйымы құрылды. Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілді. Тәрбие бағыты бойынша кездесулер, семинар, дөңгелек үстелдер өткізілді. «Қоғамдық тәртіп негіздері» тақырыбында «Ұшқыр ой» дебат клубы құрылып оқушылар арасында турнирлер ұйымдастырылды.

- «Экстремизм мен терроризмге жол жоқ!» тақырыбында мамандармен кездесу ұйымдастырылды.
- Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында қалалық сахналық қойылым байқауына 8-сынып оқушылары қатысып, «Креативтілік және шынайылық көрсетілім» номинациясымен марапатталды.
- «Домбыра меніменен егізбе едің?» атты домбырашылар челленджі өткізілді.
- Алтайдың асқақ жыршысы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жылдығына орай кеш ұйымдастырылды.
- «Тәуелсіздік-тәңір берген тәтті сый!» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді, «Тәуелсіздік мен үшін...» челленджі ұйымдастырылды.
- «Ата-анамның жұмысындағы бір күнім» тақырыбында ата-аналар жұмысымен танысу мақсатында оқушыларымыз ата-аналарының жұмыс орынымен танысты.
- Өмір қауіпсіздігін сақтану мақсатында өрт сөндіруші мамандарымен кездесіп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
- Мектеп әкімшілігі және мектеп түлектері біріккен топ «Тал егу», «Бүкіл қазақстандық ағаш отырғызу күні» акциялары ұйымдастырылды.

- «Жолда жүру апталығы», «Ұшқыр ой алаңы» логикалық сайысы, «Мамандық таңдау-маңызды шешім» тақырыбында кездесу кеші, «Ертегілер еліне саяхат» ертегілік қойылымдар байқауы өткізілді.
- «Өзін-өзі басқару» органының ұйымдастыруымен оқушылардың ой тұжырымдарын жасау, есте сақтау, қорытынды жасай алу, мақсат қоя білу қабілетін дамыту мақсатында шахмат ойынынан жарысы, «Әкем анам және мен» тақырыбында отбасылық сайыс, «Денсаулық күні» спорттық шаралар, «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» №591 Заңы (өзгерісі 01.04.2019ж. № 240- VI) негізге ала отырып, 2023-2024 оқу жылында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік құқық кеңесі құрылып, жергілікті полиция бөлімімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, отырыс хаттамалары жинақталды.

2023-2024 оқу жылы бойынша ішкі істер бөлімінің есебінде оқушы анықталған жоқ. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» №18 бұйрығы негізінде оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша сынып жетекшісіне жүктелген функцияларды айқындау мақсатында 2023-2024 оқу жылы бойынша – 11 сынып жетекші тағайындалды.

2023-2024 оқу жылы бойынша бірлестіктің жұмыс жоспарлары құрылып, ай сайын бірлестік отырысы өткізіліп, хаттамалары жинақталды.

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

Жыл	Сынып жетекшілер	Жоғары білімді	Арнаулы орта
2023-2024 оқу жылы	11	9	2

Сынып жетекшілердің біліктілік санаты

Жыл	Модератор	Сарапшы	Зерттеуші	Шебер	Жоғары I, II санатты	Педагог
2023-2024	3	3	1	-	1	3

Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көрнемендік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысының «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: «Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу».

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жұмыс жасайтын тәрбиелік жобалар тәрбие жұмысының негізгі бағыты бойынша жүзеге асырылады.

«Мектептің өзін-өзі басқару» жобасы бойынша мектеп парламенті білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналған. Мектеп әкімшілігімен бірге жоспарлы іс-шаралар жүргізілді. «Мен елімнің патриотымын», «Мен туған өлкемнің тазалығына үлес қосамын» челленждеріне орай бейнероликтер түсіріліп, ұстаздар күніне орай мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні», «Ұстаз болу-жүректің батырлығы» атты мерекелік шара ұйымдастырылды.

Мектепте «Оқуға құштар мектеп» оқу алаңы, буккроссинг - кітап алмасу, білім алушылардың демалыс қарым-қатынас шығармашылық тобы жұмыс жасайды.

2023-2024 оқу жылында Алғыс айту күніне орай дәстүрлі «Кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылып, кітапхана қоры балалар әдебиеті кітаптарымен толықтырылған. Барлық сыныптарда «Сен оқитын кітаптар» бұрышы жабдықталып, үзіліс кезінде кітап оқу сағаттары ұйымдастырылады.

2023-2024 оқу жылында «Мен оқыған бір кітап» тақырыбында бейнероликтер, «Кітап оқып рухани бай бол», «Ізгілікке қалам тартқан жас ғұмыр» тақырыбында кітап оқу сағаттары өткізілді.

«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша 2023-2024 оқу жылы білім алушылардың қауіпсіздік шараларының және құқық бұзушылықтың алдын алуға мақсатында «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. «Абайлаңыз балалар!» атты тақырыбында жолда жүру апталығы, «Мектептегі мінез-құлық ережелері», «Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік» тәрбие сағаттары, сонымен қатар жергілікті полиция қызметкерлерімен кездесулер үнемі ұйымдастырылып отырады.

«Дәстүр мен ғұрып» жобасы бойынша 2023-2024 «Ұлттық ойындар», «Қалдықтарды табысқа айналдырайық», «Boursak party», «Dombuga party» челенджері, «Наурызым - ұлыс берекем!» тақырыбында мерекелік кештер ұйымдастырылды.

«Еңбек - елдің мұраты» жобасы бойынша 2023-2024 оқу жылында кәсіптік білім беру мақсатында «Менің таңдауым», «Мамандығым-мақтанышым», «Болашаққа бағдаршам», «Кәсіптік бағдар беру», «Мамандық таңдау - оңай шешім емес» тақырыптарында сынып сағаттары, кездесулер өткізілді.

«Жасыл мекен» челленджі, «Таза табиғат», «Ең таза, гүлденген класс» тақырыбында сыныпаралық сайысы, экологиялық акциялары ұйымдастырылды.

2023-2024 оқу жылында Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша 9-айғ 9-іс-шара және төрт тоқсанға төрт өнер өткізілді

Қыркүйек Сергіту сәті

Қазан Әнұран

Қараша Асық ату

Желтоқсан Шығарма жазу

Қаңтар Қазақ есебі

Ақпан Оқуға құштар мектебі

Наурыз Домбырашылар

Сәуір Шахмат ойнау

Мамыр Жасыл мекен

Төрт тоқсанға төрт өнер

Қара сөздің жауһарлары

Асық ойнау

Ұлттық өнер көрмесі

Білім алушылардың шығармашылыққа, салауаттылыққа баулу мақсатында білім алушылардың үйірме секцияларға қатысуы

2023-2024 оқу жылдары білім алушыларға рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесі бағытында тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында мектеп азаматтық-патриоттық, ұлттық-спорттық, көркем-эстетикалық, дебаттық үйірмелер жүргізілді. Сабақтан тыс өткізілетін үйірмелер кестесі жасалып, мектеп директорымен бекітілді. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылады. Кесте құрылып бекітілді.

Барлық оқушы саны	240
Үйірмеге	169

қамтылған оқушы саны	Мектепшілік үйірме-75	Спорт секциясына-75	Сыртқы үйірме-94
Мектепшілік үйірме- 75	Бағыты: 1.Футбол-15 8-9-10 сынып оқушылары 2.Баскетбол-15 5-6-7 сынып оқушылары 3.Волейбол(ұлдар)-15 8-9-10 сынып оқушылары 4.Волейбол(қыздар)-15 8-9-10 сынып оқушылары 5.Бес асық-15 9-10-11 сынып оқушылары		
Сыртқы үйірмеге қатысатын оқушылар саны- 94	Би-21 1-4 сынып оқушылары Домбыра-24 1-2-3-4-5-7 сынып оқушылары Жас экскурсовод-30 7-8 сынып оқушылары Биолог-өлкетанушы-20 5-6 сынып оқушылары		

Атап айтқанда мектебімізде оқу - тәрбие беруде тұлғалық танымдық белсенділікті дамыту мақсатында 5 спорттық секция мен 4 үйірме жұмыс жасайды.

Әрбір үйірменің жұмыс кестесі, уақыты белгіленген. Осы кесте бойынша спорттық секциялар мен үйірмелердің уақытылы өтуі апта сайын қаралды. Үйірме жұмыстарына оқушылардың қызығушылықпен келетіндігі байқалды.

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, қабілеттерін ашу мақсатында спорттық – футбол, волейбол, секциясы жұмыс жасайды. Жетекшісі Төрегалиев Бекнұр Беркінбайұлы(жас маман).

Баскетбол, бес асық спорт секциясының жетекшісі – Прмаганбетова Айгүл Бисекешқызы. Педагогикалық еңбек өтілі -21 жыл, санаты жоқ. Айгүл Бисекешқызының басшылығымен XI микротоп мектеп лигасында №74 ЖББОМ-те өткен 8-11 сынып оқушылар арасындағы «Бес асық» сайысына 10 сынып оқушылары қатысты. Жарысқа 45 мектеп қатысты, іріктеу ішінен ер балдар 5 орынға, қыз балдар 8 орынға көтерілді. Ал баскетбол үйірмесіне №62 ЖББОМ-те өткен 7-9 сынып оқушылар арасындағы жарысқа қатысып келді.

Би өнері балаларға денсаулықпен қатар, дене бітімінің жақсы жетілуіне көмек етеді. Бос уақыттарын тиімді қолданады, жүріс-тұрыстарын түзейді, өз - өздерін еркін ұстауға дағдыланады, ұқыптылыққа, зейінділікке, шапшаңдыққа, икемділікке үйренеді. Осы мақсаттағы спорттық би үйірмесінің жетекшісі Гаухар Маралқызы – педагогикалық өтілі – 23 жыл, санаты жоқ. Үйірмелерін уақытында өткізіп, оқушы ғана емес, ата-анамен тығыз байланыс жасап отырған шығармашыл ұстаздың бірі.

Ал оқушылардың рухани сезім байлығын арттыру, елдің тарихи деректерінмен танысып оны дамыту мақсатында Жас экскурсовод үйірмесі де жұмысы жүргізілуде. Жетекшісі – Алена Исламовна 26 жыл еңбек өтілі бар, санаты педгог-зерттеуші. Үйірмеге қатысатын 7-сынып оқушылары үйірме жетекшісі Алена Исламовна және 7-сынып жетекшісі Гулдаурен Жунелбековнаның басшылығымен Қазақстан Халық Ассамблеясындағы музейге экскурсияға барды. Экскурсия барысында оқушылар Ақтөбе өлкесінде мекен ететін этно-мәдени бірлестіктердің салт-дәстүрмен танысып, қызықты мағлұматтар алды. Алена Исламовнаның жетекшілігімен 25 қазан – Республика күніне орай қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген «Күн дидарлы Қазақстан» байқауында 8-сынып оқушысы Сыдық Аружан «Алғыс хатқа» ие болды

Домбыра үйірмесі оқушыларға ұлттық аспапты тәрбие құралы ретінде кеңінен қолдана отырып, аспапқа деген қызығушылықтарын арттыру. Жетекшісі – Алтынай Елегиевна. Үйірме уақытында жүргізіліп оқушылармен әрдайым тығыз байланыста. Бұл үйірмеде оқушылар әзірше мектепшілік шараларда әр уақытта да өз өнерлерін ортағы салып жүр.

Биолог-өлкетанушы үйірмесі тыңдаушының биология пәніне қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту және қоршаған ортаны сүюге, аялауға, қорғауға баулу. Жетекшісі – Бекқызы Раушан (жас маман). Үйірме жетекшісі 5-6 сынып оқушыларын қазан айында «Тарихи өлкетану мұражайына» апарып қайтқан болатын оқушылар

өлкеміздің тарихымен танысып, тың мағлұматтар біліп қайтты. Одан бөлек үйірменің өз жұмысы жүргізіліп жатыр.

Мектеп оқушылары бұдан басқа мектептен тыс спорттық секциялар мен үйірмелерге қатысады. Жалпы 2023-2024 оқу жылының I жарты жылдығында үйірме-секцияларға 1-11 сынып оқушыларының үйірме-секцияға қатысым бойынша 71% құрайды, оның ішінде мектіпшілік үйірме-секцияларға қатысым 31% құрайды, ал мектептен тыс үйірме, секцияларға қатысым 40% құрайды

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының игеруі

2023-2024 оқу жылы жүргізілген «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы қаралды. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 25-тармағына сәйкес 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен, 3-қосымша 4-тарау 56-тармағына сәйкес 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен, 4-қосымша 4-тарау 50-тармағына сәйкес «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» 10-11-сыныптарда оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық ал 11 сыныптарда 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылды. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады. «BilimClass» жүйесі арқылы толтырылған журналдарда міндетті оқу курсының жүргізілгендігі анықталды.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсының іске асыруы

Зерделеу нәтижелері: Бұл бөлімді зерделеу кезінде «Жолда жүру ережелері» 2023-2024 оқу жылына жоспарланған. Курс мазмұны 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан, 5-8-сыныптарда 10 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сыныптан тыс уақыттарда сынып жетекшілерімен тақырыптарын көрсете отырып іске асырылды.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларда көрсетіліп, бекітілген. Жол қозғалысы ережелері бойынша 1-ші сыныптан бастап 8 - сынып аралығында жол қозғалысы қауіпсіздігі және медициналық көмек көрсету тақырыптарын қоса отырып жүргізілді.

Мектептегі цифрландыру

Педагогикалық ұжым құжаттарын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына «Орта білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі» (16.09.2021 № 472 бұйрығының толықтыруымен) негізінде жүзеге асырады.

Мектеп 2023-2024 оқу жылынан электронды журнал «BilimClass»-пен жұмыс істейді. Сынып журналдары орта білім беру ұйымы электрондық тек қана электрондық форматта толтырылады, формативтік бағалар, қойылады. Педагогтердің журналды толтыруы 100 %. **11 класс, 245 оқушы, 30 мұғалім** тіркелді. Класс жетекшілер тоқсан сайын сабақ кестесін енгізіп, пән мұғалімдері ҰМЖ-ны уақытылы толтырып отырды. Тоқсан сайын БЖБ, ТЖБ балдары журналға түсірілді. Тоқсан сайын журналдар жабылып, қалалық білім бөліміне жіберіліп отырылды. Жыл соңында класс жетекшілер оқушылардың үлгерім табельдерін жинақтап, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарына тапсырды.

ҰБДҚ (НОБД) бойынша мектеп паспорты уақытылы толтырылды. **245 контингент, 46 персонал** енгізілді. Жыл бойы келген – кеткен оқушылар шығарылып, енгізіліп отырылды. Оқушылардың үйірмеге қатысуы толтырылды. Кітапханашы өз тарапынан жыл басында мектепке жаңадан алынған оқулықтар мен әдеби кітаптар туралы мәліметтерді толықтырды. Компьютерлер туралы бөлімінде ешқандай өзгеріс болған жоқ, себебі биылғы оқу жылында мектепке жаңадан компьютер, ноутбук, планшет алынған жоқ. Мектеп асханасы бөлімінде де өзгерістер жоқ.

ҰББДҚ (НОБД) мектепке қатысты барлық мәліметтер енгізілген, уақытылы толтырылды.

Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер

Мектеп 400 орындық 2 қабатты типтік емес жобада салынған. Ақтөбе қаласы, Астана ауданы Санкібай даңғылы, 14/8 үйде орналасқан. Ғимарат 1986 жылы іске қосылған, 2001 жылдан мектеп ғимаратына берілген. Материалдық-қаржылық активтері бар, мемлекеттік меншік, 19 оқу кабинеті, 1 мәжіліс залы, 2 шеберхана, 1 шағын спорт залмен қамтамасыз етілген, санитарлық тораптар (унитаз, қол жуғышта) қойылған.

Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер көрсетілген. Интерактивтік тақта-5 дана, интерактивтік панель-1 дана, проектор-1 дана. ҰБДҚ бойынша 123 компьютер тіркелді. Компьютер – 97 дана, ноутбук – 19 дана, планшет – 7 дана.

Мектеп ғимаратының жалпы алаңы – 2056,5 м². Мектеп ауласы аббаттандырылған, жазда гүлдер егіліп, ағаштар отырғызылады. Қақпадан мектеп алдына дейін асфальтталған. Мектеп кіре берісіндегі өткізу пунктінде – турникет бар.

Мектеп үш нүктеде интернетке қосылған, интернет жылдамдығы 10 Мбит/с жоғары.

Бейнебақылау барлығы-8, 5- іште, 3-сыртта орналасқан, сыртқы бейне бақылау мектептің артқы жағында екеу, жанында біреу, мектептің алдында біреу орнатылған. Алдыңғы камера мектеп алдынан қақпаға дейінгі аралықты көрсетеді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдай-үйінде оқыту қарастырылған, кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, мектеп ғимаратының кіре берісіне пандус қою қарастырылмағандықтан пандус жоқ. Мектеп кіре берісіндегі өткізу пунктінде-турникет бар.

Мектеп қатты отын түрімен (көмір) жылытылады. 2020 жылы жылу беру жүйесі отқазандығы пеші автономияландырылды. Мектептен шамамен 50 метр аралықта орналасқан. Орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтау жүйесі тартылған.

Өрт сигнализациясы 2014 жылы орнатылған, мектеп ішінде әр қабаттың дәлізінде және кабинеттерде өртсөндіру балоны бар. [9-қосымша]

Медициналық қызмет көрсету, медициналық пункт және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер

Мектепте медициналық пункт жұмыс істейді. Егу кабинеті жоқ. Қабылдау кабинеті бар. Кабинеттің ауданы – 15,3 м². Медициналық кабинет 90% жабдықталған. Кушетка, егу үстелдері, дәріхана шкафы, файл салатын шкафтар, орындықтар, үстел бар.

Медициналық қызмет көрсету, медициналық пункт және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәлімет:

Лицензия номері 10404ДД

Берілген күні 16.05.2011жыл

Мектеппен жасалған келісім шарт 03.01.2024жыл

БИН 000740002655

Медициналық қызметкер: Жумағалиева Ажаргүл Қадыржановна мектепте 2021жылдан жұмыс жасайды. 16.06.2025 жылға дейін жарамды «Мейірбеке ісі» қызметі бойынша біліктілік санаты куәлігі, «Мейірбике» қызметі бойынша 06.09.2024 жылға дейін жарамды № KZ 80VBM00972381 сертификаты, 2021 жылы 07.06-22.06 аралығында ШЖҚ «Кеңес одағының батыры М.Мәметова атындағы Ақтөбе жоғары медициналық колледжі» МКК базасында 120 сағат көлемінде «Мектеп мейірбекесінің жұмысын ұйымдастыру» тақырыбында біліктілік көтеру курсынан өткен, № 197 біліктілікті арттыру туралы куәлігі бар.

Педагогикалық ұжым және техникалық қызметкерлер медициналық тексеруден -100% өтті.

Мұғалімдермен, ата-аналармен тұрақты байланыс орнатылып, кеңестер, әңгімелер жүйелі түрде өткізіліп тұрады. [10-қосымша]

Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер

Тамақтандыру объектісінің түрі - асхана түрінде. Көлемі -68,36 шаршы метр. 80 орынға арналған. Ас бөлмесіне тоңазытқыш, электроплита орнатылған. Орталықтанған ауыз су жүйесі бар. Тамақ дайындау, азық-түлікті кесу, дайындау үстелдері бар.Тиісті ыдыс-аяқтармен жарактандырылған, маркировкалары бар.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 Жарлығымен бекітілген «Әділетті Қазақстан : бәріміз және әрқайсымыз үшін.Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 77 тармағына сәйкес ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап 1- 4 сынып оқушыларына тегін ыстық ұйымдастыру және «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым Министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығының 10 -қосымшасы негізінде мектеп асханасынан жекелеген санаттағы балаларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылғы қыркүйек айынан бастап жалпы білім беретін мектептердегі 1-4 сынып оқушыларға арналған 2 апталық ас мәзірі жасақталып бекітілді.Ас мәзірі бойынша бекітілген тиісті баға 603 теңге. Осы бекітілген 2 апталық ас мәзірі бойынша қыркүйек айынан бастап жоғарыда аталған заңдарды башылыққа ала отырып қабылданған құжаттар негізінде әлеуметтік аз қамтылған топтағы 20 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.[11-қосымша]

№48 жалпы білім беретін орта мектебінің дарынды оқушылармен жұмыс жасайтын «Жас талап» қоғамының өзекті мәселесі: оқушылардың өзіндік,танымдық жұмыстарын ұйымдастыру,ой-өрісін кеңейту арқылы ғылыми ізденіске жетелеу.

Мақсаты:

- оқушылардың ғылыми зерттеуге қызығушылығын қалыптастыру;
- Шығармашылық қабілеттерін таныту және дамыту

Міндеті:

Ғылыми ізденудің әдістерін қолдану,оқытудың шығармашылық сипаттағы жеке тұлғаларды тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу,дарындылығын шыңдау,ұйымдастыру.

Жұмыс жоспарында белгіленген негізгі шаралар:

- дарынды оқушылардың қабілеттігін зерттеу;
- пәндік олимпиадалардың өткізу және қатысу;
- интеллектуалдық ойындарға қатыстыру;
- Мектепішілік байқаулар мен білім сайыстарын өткізу және оқушыларды қатыстыру;

Ғылыми шығармашылық зерттеу бағыты бойынша физика, өлкетану, этномәдениеттану, экология, тарих секциялары жұмыс жасайды.

2023 оқу жылы қазан айында «Зерде» шығармашылық жоба қорғау I кезең мектепішілік кезеңі өткізілді. Жалпы ғылыми шығармашылық жоба саны- 8 жоба жоспарланды ,1 жоба командылық қатысу, қалалық кезеңге ұсынылған жоба саны-6 жоба.Қатысты- 5 жоба жұмысы. Аққали Инабат 4класс оқушысы денсаулығына байланысты қатысқан жоқ.жетекшісі: Ахат.Г

5 ғылыми зерттеу жобасы қатысып 3жоба шығармашылық жұмысы Алғыс хат иегерлері атанды. Нәтижесі төмендегідей:

№	Оқушының аты-жөні	Мектебі	Класы	Жобаның бағыты	Жоба атауы	Жетекшісі	Нәтижесі
1	Ермуқанова Айнара	№48ЖББОМ	5кл	Қазақ тілі мен әдебиеті	« Мағжан және балалар әдебиеті »	Шүйіншалина Актілек	Алғыс хат
2	Махатова Мадина	№48ЖББОМ	3кл	Орыс тілі мен әдебиеті	«Происхождение казахский имен и их значение»	Байсеуова Мира Удеуовна	
3	Наурызова Айару	№48ЖББОМ	3кл	Орыс тілі мен әдебиеті	«Почему кровь красная»	Байсеуова Мира Удеуовна	
4	Елубаева Айзере	№48ЖББОМ	5кл	Математика, колданбалы	«Танграм құпиясы»	Тұрсынғалиева.Перизат	Алғыс хат

5	Глес Құрманбек	№48ЖББОМ	6кл	математика Математика, колданбалы математика	«Алтын қатынас»	Қадыржанқызы Байденес Алтыншаш	
6	Абуталып Дилназ Абилсейтовна	№48ЖББОМ	7кл	Туризм және спорт	«Әйтеке би ауданының мәдени мұраларын туризм объектісі ретінде »	Теміралы Б.Т	Алғыс хат
7	Бердіғазы Назира	№48ЖББОМ	5кл	Этномәдениет тану	«Ою-өрнек»	Садық.И.Ә	
8	Аққали Инабат	№48ЖББОМ	4 кл	Ағылшын тілі	«Ағылшын тілін мультфильмдер арқылы үйрену»	Ахат.Г	Қатысқан жоқ I,II кезеңге

Жалпы білім беретін пәндер бойынша пәндік олимпиадалар қорытындысы
2023 жыл 15 қарашасында 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың I кезеңі (мектепшілік) өткізілді. I кезең мектепшілік ғылым негіздері пәндері бойынша барлығы- 52 оқушы қатысты. I кезең олимпиада қорытындысы бойынша 22оқушы II қалалық кезеңге ұсынылды

9-11 класс оқушылары үшін II қалалық олимпиада қорытындысы қатысты-22оқушы

№	Оқушының аты-жөні	кл	Пәні	Жетекшісі	Нәтижесі
1	Жидебай Ақжүніс	11кл	Қазақ тілі мен әдебиеті	Есенова Г.Ж	III орын
2	Есіркепова Даяна	10кл	Орыс тілі мен әдебиеті	Бердімуратова Қ.С	III орын
3	Сапиев Динар	11кл	Қазақстан тарихы	Садық И Ә	II орын
4	Оңдыбай Айда	10кл	Химия	Жубатова Ж Ж	III орын
5	Тулеген Ардана	10кл	Биология	Қарағұлқызы М.	II орын
6	Сансызбай Мәди	9кл	Құқық негіздері	Садық И.Ә	Алғыс хат

9-11 класс оқушылары үшін III облыстық олимпиада қорытындысы -2 оқушы қатысты

№	Оқушының аты-жөні	кл	Пәні	Жетекшісі	Нәтижесі
1	Сапиев Динар	11кл	Қазақстан тарихы	Садық И Ә	III орын
2	Тулеген Ардана	10кл	Биология	Қарағұлқызы М.	Сертификат Қатысты

7-8 класс оқушылары арасында өткен Республикалық олимпиаданың I кезең мектепшілік өткізілді. II қалалық кезеңге 15 оқушы ұсынылды жұлдегер саны-7

№	Оқушының аты-жөні	кл	Бағыты	Нәтижесі	Пән мұғалімі
1	Базарғали Айдын	7кл	7-8 кл олимпиада / ағылшын тілі /	II дәрежелі Диплом	Ахат.Г
2	Жанкелді Берекет	7кл	7-8 кл олимпиада / география /	III дәрежелі Диплом	Теміралы.Б
3	Бауыржанова Ұлболсын	7кл	7-8 кл олимпиада / физика /	III дәрежелі Диплом	Абуова.Қ.К
4	Марат Жалғас	7кл	7-8 кл олимпиада / биология /	I дәрежелі Диплом	Қарағұлқызы.М
5	Бөлек Әли	7кл	7-8 кл олимпиада / химия /	III дәрежелі Диплом	Жубатова.Ж
6	Мажитов Аян	8кл	7-8 кл олимпиада / биология /	I дәрежелі Диплом	Исегалиева.Г
7	Бижан Меруерт	8кл	7-8 кл олимпиада / Қазақстан тарихы/	I дәрежелі Диплом	Садық.И.Ә

7-8 класс олимпиадасы облыстық кезеңі қатысты-4 оқушы

№	Оқушының аты-жөні	кл	Бағыты	Нәтижесі	Пән мұғалімі
1	Марат Жалғас	7кл	7-8 кл олимпиада / биология /		Қарағұлқызы.М
2	Мажитов Аян	8кл	7-8 кл олимпиада / биология /	III дәрежелі Диплом	Исегалиева.Г
3	Бижан Меруерт	8кл	7-8 кл олимпиада / Қазақстан тарихы/	2ұпай жетпей қалды	Садық.И.Ә
4	Базарғали Айдын		7-8кл олимп ағылшын тілі	-	Ахат Г

Республикалық 5-6класс оқушылары арасында өткен олимпиадада Ікезең өткізілді. II қалалық кезеңіне 8оқушы ұсынылды. Жүлдегер саны-1

№	Оқушының аты-жөні	кл	Бағыты	Нәтижесі	Пән мұғалімі
1	Бердіғазы Назира	5кл	5-6 кл олимпиада / тарих /	III дәрежелі Диплом	Садық.И.Ә

Республикалық « 7-8сынып оқушыларына арналған Ұлттық олимпиада» байқауының қалалық кезеңінің қорытындысы

№	Оқушылардың аты-жөні	Класс	Байқау	Қорытынды нәтиже	Жетекшісі
1	Бижан Меруерт	11 кл	«Ұлттық олимпиада»	III орын	Темірәлі.Б.

Республикалық «Алтын түлек » олимпиадасы байқауының қалалық кезеңі

№	Оқушылардың аты-жөні	Класс	Бағыты	Қорытынды нәтиже	Жетекшісі
1	Саметов Бексұлтан	11 кл	«Алтын түлек» олимпиада	III орын	Тұрсынғалиева.П

Республикалық «Алтын сақа » байқауының қалалық кезеңі

№	Оқушылардың аты-жөні	Класс	Бағыты	Қорытынды нәтиже	Жетекшісі
1	Ермуканова Айнара	5 кл	«Алтын сақа» олимпиада	III орын	Тұрсынғалиева.П
2	Бердіғазы Назира	5 кл	«Алтын сақа» олимпиада	III дәрежелі Диплом	Тұрсынғалиева.П
3	Тлес Әлімбек	4кл	«Алтын сақа» олимпиада	III орын	Есмұханова.Т
4	Аманжан Темерлан	3кл	«Алтын сақа» олимпиада	I орын	Қалманова А

Республикалық «Алтын сақа » байқауының облыстық кезеңі

№	Оқушылардың аты-жөні	Класс	Бағыты	Қорытынды нәтиже	Жетекшісі
1	Аманжан Темерлан	3 кл	«Алтын сақа» олимпиада	-	Қалманова А

Қалалық « Сатпаев олимпиадасы» 10 сынып оқушылары үшін

№	Оқушылардың аты-жөні	Класс	Бағыты	Қорытынды нәтиже	Жетекшісі
1	Алағөзова Нұрсұлу	10 кл	«Сатпаев » олимпиада	III дәрежелі диплом	Есенова.Г.Ж

**10-11 сынып оқушыларына арналған олимпиадасы « HIGH SCHOOL AKTOBE»
жаратылыстану-математикалық бағыты -7оқушы қатысты**

№	Оқушының аты-жөні	кл	Пәні	Жетекшісі	Нәтижесі
1	Алагөзова.Н	10кл	Математика	Машимбаева.Н	III орын
2	Саметов Бексұлтан	11кл	Физика	Сағын.Н.Н	II орын
3	Қиманова Анар	11кл	Қазақстан тарихы	Теміралы.Б.Т	III орын
4	Оңдыбай Айда	10кл	Химия	Жубатова Ж.Ж	
5	Тулеген Ардана	10кл	Биология	Қарағұлқызы Мекенжан	II орын
6	Абдоллаев Бекарыс	10кл	Биология	Исегалиева.Г.С	III орын
7	Мұхамбеталиева.П	10кл	Информатика	Сағын.Н.Н	III орын

« Достық» олимпиадасы-2024 қалалық -2оқушы қатысты

№	Оқушының аты-жөні	кл	Бағыты	Нәтижесі	Пән мұғалімі
1	Бердіғазы Назира	5кл	5-6 кл олимпиада /қазақ тілі,математика, ағылшын тілі,тарих/	III дәрежелі Диплом	Садық.И Тұрсынғалиева.П Шүйіншалина.А Ахат.Г
2	Тлес Құрманбек	6кл	5-6 кл олимпиада	-	Мангибаева.Б Тұрсынғалиева.П Колбаева.А Сайлыбайқызы А

« Достық» олимпиадасы-2024 облыстық кезеңге ұсынылды

№	Оқушының аты-жөні	кл	Бағыты	Нәтижесі	Пән мұғалімі
1	Бердіғазы Назира	5кл	5-6 кл олимпиада / қазақ тілі,математика, ағылшын тілі,тарих/	Облыстық II орын	Садық.И Тұрсынғалиева.П Шүйіншалина.А Ахат.Г

«Ақбөбек» мектебінің ұйымдастырумен қала мектеп оқушыларына арналған 2-4 сынып арасында өткізілген «Best IQ » пәндік олимпиадасына мектеп оқушылары қатысты жетекшісі Есмұханова Тоғжан Алғыс хат,оқушылар сертификат иеленді

Республикалық «Бояулар құпиясы» байқауының қалалық кезеңінде үздік нәтиже көрсеткен 5класс оқушысы Ермуканова Анара I дәрежелі диплом иегері жетекшісі Абилкаирова М. М.

Республикалық « Т.Айбергенов оқулары» байқауының қалалық кезеңі

№	Оқушылардың аты-жөні	Кл	Байқау	Қорытынды нәтиже	Жетекшісі
1	Бижан Меруерт	10 кл	« Т.Айбергенов оқулары»	Алғыс хат	Колбаева.А
2	Сыдық Аружан	8кл	« Т.Айбергенов оқулары»	Алғыс хат	Колбаева.А

Республикалық «Ақберен» шығармашылық байқауының қалалық кезеңі

№	Оқушылардың аты-жөні	Класс	Байқау	Қорытынды нәтиже	Жетекшісі
1	Қиманова А	11 кл	Ақберен байқауы	II дәрежелі орын	Есенова.Г

«Ағайынды Жұбановтар әлемі», «Үздік Жұбановтанушы» байқауы қалалық кезеңі

№	Оқушылардың аты-жөні	Класс	Байқау	Қорытынды нәтиже	Жетекшісі
1	Жидебай Ақжүніс	11 кл	«Үздік Жұбановтанушы»	III дәрежелі Диплом	Есенова.Г